

Дамыту ойындар
«Суреттерді қарау»

(3 жас)

Мақсаты : балалардың сөйлеу тілін түсінуге дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір объекті және оның бөлшектерінің атауларын білу, психолог соңынан қайталау.

Ойынның өтілу барысы	Мақсаты.	Құрал:
«Суреттерді қарау» Психолог адам суреттің көрсетіп, кейіпкерді атап, қайталауды ұсынады. Содан кейін кезекпен кезек жануардың негізгі бөлшектерін көрсетіп, атайды және балаға қайталауды ұсынады. Бір сабақта тек бір кейіпкермен танысамыз. Кейіпкердің барлық бөлшек атауларымен танысып болғаннан кейін, келесі кейіпкермен танысуға көшеміз. Тапсырма соңында көп кейіпкердің ішінен біреуін таңдалып, ойын ұйымдастырылады. Егер бала әлі сөйлемесе, оған жануарлардың бөлшектерін саусағымен көрсету ұсынылады.	Заттардың арасынан ұқсастық таба білу; саусақпен затты көрсете отырып, затты және оның бөлшектерін тани білу, аталған суретті ересеткерге ұсынып отыру. Келесі тақырыптар бойынша сөздік қорды дамыту: «үй жануарлары», «үй құстары», «жабайы жануарлар». Жануарлардың бөлшектерін айыра білу және атау (бас, құйрық, аяқтар).	-үй жануарлары: ит, мысық, ат, сиыр, ешкі; -үй құстары: тауық, әтеш, қаз, күркетауық; -жабайы жануарлар: қоян, аю, тиын, бұғы, кірпі.

Дамыту ойын
«Басқасын тап»
(3 жас)

Мақсаты : балалардың сөйлеу тілін түсінуге дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір объекті және оның бөлшектерінің атауларын білу, психолог соңынан қайталау.

Ойынның өтілу барысы:	Мақсаты:	Құрал:
«Басқасын тап» баланың алдына жиынтықтың біреуін қойып, айтады: «Итті көрсет. Басқа ит қайда? Сиыр қайда? Пирамида қайда?» «Әтеш қайда, көрсет. Басқа сиыр қайда?» «Ешкі қайда? Кесе қайда?» «Сиыр қайда, көрсет. Басқа қоян қайда? Аю қайда? ал күртеше қайда?»	Сөздердің мағынасы ұқсас келетін, бірақ сыртқы түрінен айырмашылығы бар суреттерді тауып, атай білу.	1 жиынтық: 2 ит (сыртқы түрлері әртүрлі), сиыр, пирамида; 2 жиынтық: 2 әтеш (сыртқы түрлері әртүрлі), тауық, ешкі; 3 жиынтық: 2 сиыр (сыртқы түрлері әртүрлі), ешкі, кесе; 4 жиынтық: 2 қоян (сыртқы түрлері әртүрлі), аю, күртеше.

Дамыту ойын.

(3-4 жас)

Мақсаты : балалардың сөйлеу тілін түсінуге дағдыларн қалыптастыру, белгілі бір объектті және оның бөлшектерінің атауларын білу, психолог соңынан қайталау.

Ойынның өтілу барысы:	Мақсаты:	Құрал:
«Кім кетіп қалды?» Баланың алдына үй жануарлары мен құстардың суреттерін қояды. Оларды мұқият қарап, атауларын атауға тапсырма беріледі. Содан кейін экранмен барлық суреттерді жауып, біреуін алып тастайды. Енді балаға сұрақ қойылады: «Кім кетті?» Ойын 6 рет өткізіледі. Жаңа суреттен алынып тұрады.	Жануарлар мен құстардың атауларын пысықтау. Зейінін және есте сақтау қабілетін дамыту.	Құрал: ит, мысық, сиыр, ешкі, әтеш, тауық.

Дамыту ойын. (3 жас)

Мақсаты : балалардың сөйлеу тілін түсінуге дағдысын қалыптастыру, белгілі бір объекті және оның бөлшектерінің атауларын білу, психолог соңынан қайталау.

Ойынның өтілу барысы:	Мақсаты:	Құрал:
«Кім кетті?» (жабайы жануарлар) ойын «Кім кетті?» ойынмен сәйкестендіріліп, өткізіледі (үй жануарлары мен құстары).	Жануарлардың атауын пысықтау. Зейінді және есте сақтау қабілетін дамыту.	Қоян, тиын, кірпі, аю, қасқыр, бұғы.

Дамыту ойын. (2,5-3 жас)

Мақсаты: заттарды салыстыру, пішініне қарап, таңдау және бір-бірімен байланыстыруға дағдыларн қалыптастыру.

Ойынның өтілу барысы	Мақсаты:	Құрал:
«Шеңбер, төртбұрыш» Шеңберлер мен төртбұрыштар үстелдің бетінде рет-ретімен шеңберлер мен төртбұрыштар орналасқан. Ересек балаға: «Мұнда әртүрлі пішіндер бар. Мынау- төртбұрыш деп аталады, ал мынау- шеңбер. Кәнікі бір пішіндерді (төртбұрыштарды) бір жағына жинайық, ал басқа пішіндерді (шеңберлерді) - басқасына». Содан кейін шеңберді қолына ұстап баладан сұрайды: «Мына пішін қайда жатыр? Оны қайда қойып едік?» Шеңбер мен төртбұрышты бірін үстіне бірін қойып, ересек әр сөреде пішіндер бірдей екенін көрсетеді. Әрі қарай баланың өзіне пішіндерді орналастыруға тапсырма береді. Ересектер балаға кейбір (төртбұрышты) пішіндердің қайда орналасқанын және басқа пішіндердің (шеңберлер) қайда орналасқанын көрсетеді, сонымен қоса балаға жалпы материалдан кез келген пішінді таңдап алуын ұсынып, дәл солай орналастыруын ұсынады. Тапсырманың дұрыс орындалғанын тексеру үшін ересектер таңдалған пішінді басқа орынға салуын ұсынады.	Геометриялық пішіндерді түріне қарап, баланы топтастыруға үйрету.	бір түсті және бір түрдегі 5 шеңбер және 5 төртбұрыш.

Дамыту ойын. (2,5-3 жас)

Мақсаты: заттарды салыстыру, пішініне қарап, таңдау және бір-бірімен байланыстыруға дағдыларн қалыптастыру.

Ойынның өтілу барысы:	Мақсаты:	Құрал:
«Сопакша, үшбұрыш» ересектер геометриялық мозайканы, үлгі мысалды балаға береді және геометриялық пішіндерді мысалдың үстіне орналастырып, тапсырманы орындайды. Содан соң балаға тапсырманы өз бетінше орындауға ұсынылады.	Түріне қарап, геометриялық пішіндерді топтастыру, мысалға сүйене отырып, пішіндерге дұрыс таңдау жасау.	-Геометриялық мозайка (әр түрлі түстес және әртүрлі өлшемде геометриялық пішіндер); -әртүрлі өлшемдегі негізгі геометриялық пішіндерден (төртбұрыш, шеңбер, сопақша, үшбұрыш) құрылған суреттері бар карточкалар.

Дамыту ойын. . (2,5-3 жас)

Мақсаты: заттарды салыстыру, пішініне қарап, таңдау және бір-бірімен байланыстыруға дағдыларн қалыптастыру.

Ойынның өтілу барысы:	Мақсаты:	Құрал:
«Жамау» психолог былай дейді: «Балалар, кілемшелерден тесіктер көріп тұрмын, оларды кәніки жөндейік. Әр кілемшеге жамау табайық», содан соң бір үлгіні алып көрсетеді	геометриялық пішіндерді түріне және түсіне байланысты етіп бір-бірімен сәйкестендіріп, салыстыруды баланы үйрету.	

Дамыту ойын (2,5-3 жас)

Мақсаты: белгілі бір ретімен заттарды түсіне қарай сәйкестендіру дағдыларын қалыптастыру, логикасын және ойлау қабілетін дамыту.

Ойынның өтілу барысы	Мақсаты:	Құрал
«Қуыршаққа арналған әшекей» бізге қонаққа қуыршақ келіп, оған әшекей сыйлауын өтініп тұр деп психолог айтады. Ол қуыршаққа моншақ жасап берейік деп айтады. Үстелдің үстіне жіптің суретін және әртүрлі шеңберлерді қояды. Қызыл түсті шеңберді алып, түсіндіреді: «Бұл шеңбер-қызыл, тағы мынадай көк түстісі бар. Алдымен жіпке қызыл шеңберді орналастырайық, содан кейін-көкті. Түстің атауы әрбір сәтте бөлініп, ерекше айтылады және оған сәйкес шеңбер көрсетіледі. Бір ойында тек 2 түс қолданылады. Әрі қарай ойынды бала жалғастыру керек, үлгіге сүйене отырып, ересекпен бірге түстерді айтып отыру керек, содан соң өз бетінше жұмыс жасалынуы қажет. Ескерту: ойын әртүрлі бағытта ойнатылады.	Түсіне қарай элементтерін кезекпен қоюға үйрету.	жіптің суреті; шеңберлер: қызыл түсті-4, көк түсті-4, жасыл-4, сары-4

Дамыту ойын. (2,5-3 жас)

Мақсаты: белгілі бір ретімен заттарды түсіне қарай сәйкестендіру дағдыларн қалыптастыру,логикасын және ойлау қабілетін дамыту.

	Мақсаты:	Құрал:
«Қоршау» бұл ойын «Мұнараны жинау» атты ойынның шартына ұқсайды. Ескерту:ойын әртүрлі бағытта жүргізіледі.	элементтерді түсіне қарап,кезектестіруге дағдыларн қалыптастыру.	-8 элементі бар қоршаудың суреті;(баланың алдына көлденеңнен «Мұнара» атты ойынға арналған тапсырмалар қойылады); -сызықтар:қызыл түсті-4,жасыл-4,сары-4,көк-4.

Дамыту ойын. (2,5-3 жас)

Мақсаты: белгілі бір ретімен заттарды түсіне қарай сәйкестендіру дағды қалыптастыру, логикасын және ойлау қабілетін дамыту.

Ойынның өтілу барысы	Мақсаты:	Құрал
«Үйшіктер» баланың алдына 8 үйшік қойылады және қояннан үйшіктердің төбелерін бояуға көмек сұрайды. Ересек балаға төбенің әртүрлі түсте боялғанын ескертеді. Ол: «Мына төбе көк түсті болады, ал мынау-қызыл». Содан соң балаға өз бетінше тапсырманы үлгіге қарап, орындауға ұсынды. Түстердің атаулары қайталанып айтылып отырылады және оған сәйкес үшбұрыш көрсетіліп отырылады. Ескерту: ойын әртүрлі бағытта жүргізіледі.	түстердің элементтерін кезектесуге үйрету.	8 үйшік

Дамыту ойын. . (2,5-3 жас)

Мақсаты: түстердің қабылдауын бақылау, негізгі түстерді ажырата білу, заттардың түстеріне қарап байланыстыру.

Ойынның өтілу барысы	Мақсаты	Құрал
«Дәл осындайын тап» үстелдің үстіне әртүрлі түстегі сызықтар қойылады. Балаға оларды араластыру және өзіне бір сызықты алуға тапсырма беріледі. Содан кейін дәл осындайын тауып, әрі қарай қалған осындай түстес сызықшаларды табу керек.	бірдей түстес заттарды табуға үйрету. Заттарды түсіне қарап, байланыстыруды пысықтау.	сызықтар: қызыл түсті-4, сары-4, жасыл-4, көк-4.

Дамыту ойын. . (2,5-3 жас)

Мақсаты:түстердің қабылдауын бақылау,негізгі түстерді ажырата білу,заттардың түстеріне қарап байланыстыру.

Ойынның өтілу барысы:	Мақсаты:	Құрал:
«Баннты таңдап ал» психолог балаға «Қуыршақтар мерекеге бару үшін киініп сәндену керек.Кәніки,оларға көмек көрсетейік,көйлектердің түсіне байланысты бантиктер таңдайық».- дейді.	балаларды түстермен байланыстыруды үйрету	-4көйлектің суреттері (қызыл,жасыл,көк,сары); -көйлектердің түстерімен бірдей 4 түрлі бантиктер таңдау.

Дамыту ойын. . (2,5-3 жас)

Мақсаты:түстердің қабылдауын бақылау,негізгі түстерді ажырата білу,заттардың түстеріне қарап байланыстыру.

Ойынның өтілу барысы:	Мақсаты:	Құрал:
«Жедені таңдап ал» ойын «Бантикті тауып ал» атты ойынға ұқсас жүргізіледі	балаларды түстермен байланыстыруды үйрету.	-4 жұпты шалбар (қызыл,жасыл,көк,сары); -4 шалбармен түстес 4 жеде.

Дамыту ойын. . (2,5-3 жас)

Мақсаты: түстердің қабылдауын бақылау, негізгі түстерді ажырата білу, заттардың түстеріне қарап байланыстыру.

Ойынның өтілу барысы:	Мақсаты:	Құрал:
«Матрешкаға өзінің ойыншығын табуға көмектес». Балаға қызыл, сары, жасыл, көк түстегі көйлектегі матрешкалар көрсетіледі. Содан кейін балаға бұл матрешкалардың әрқайсысында ойыншықтары бар-пирамида, жалауша, доп. Бірақ барлық ойыншықтар шатасып кетті және олардың ойыншықтарын табу керек. Психолог матрешканың біреуін көрсетіп, оның сәйкесінше көйлегін табуға ұсыны береді. Содан соң матрешканың әрқайсысына ойыншықтар таңдалады. Ойынның барысында ересек баланың асықпағанын қадағалап отырады және де ол бала барлық ойыншықтарға жабыспай, мұқият қарап, өзіне керегін тауып алуды ұсынды. Ойынның соңында тағы да матрешка мен ойыншығының түстері қайталанып айтылады.	заттарды түстерімен байланыстыру дағдыларын дамыту.	-4 матрешка (қызыл, сары, көк, жасыл); -4 жалауша (қызыл, сары, көк, жасыл); -4 доп (қызыл, сары, көк, жасыл)

Дамыту ойын. . (2,5-3 жас)

Мақсаты: баланың жалпы қабылдауын дамыту, сөйлеу тілін дамыту, қарапайым сұрақтарға жауап беруге дағдыларн қалыптастыру.

Ойынның өтілу барысы:	Мақсаты:	Құрал:
«Жануарларды қонақ қыл» : психолог баланың алдына жануарлардың суреттерін қойып: «Саған қонаққа жануарлар келді. Оларға тағам ұсынайық»- дейді. содан соң жануардың алдына тағамның суреттерін қойып, түсіндіреді: «Аю бүлдіргенді жақсы көреді, ит-сүйек т.б.».	баланың жалпы қабылдауын дамыту, сөйлеу тілін дамыту, қарапайым сұрақтарға жауап беруге дағды қалыптастыру.	-жануарлар (әтеш, тиын, ит, қоян, аю); -тағам (бүлдірген, сәбіз, жаңғақ, астық, сүйек).

Дамыту ойын. (2,5-3 жас

Мақсаты: баланың жалпы қабылдауын дамыту, сөйлеу тілін дамыту, қарапайым сұрақтарға жауап беруге дағдыларн қалыптастыру.

Ойынның өтілу барысы:	Мақсаты:	Құрал
«Жануарларға көмектес» үй жануарларының суреттері (иттің, жылқының,,,) көрсетіліп, былай дейді: «Бұл үй жануарлары, олар қожайындарымен бірге өмір сүреді. Қожайын оларды жақсы көреді және оларды жақсы қарап, бағады». Содан кейін аю мен тиынның карточкаларын көрсетіп, былай дейді: «Орманда жабайы аңдар тұрады: тиын мен аю-олардың қожайындары жоқ». Содан соң психолог бір оқиға айтып беріп, суреттерді көрсетеді: «Бір күні кемпір мен шал болыпты, олармен бірге үй жануарлары: шошқа, ит және жылқы өмір сүріпті. Кемпір мен шал оларды жақсы көріп, оларды бағып-қағып жақсы қарайды екен. Бір күні жануарлар серуенге шығып, адасып кетеді». Үй жануарларының карточкалары жабайы жануарлардікімен бірге қойылып, араласып кетеді. Оларға көмек көрсетейік және балаға үй және жабайы жануарларының суреттерін айырып алу тапсырмасы берілді.	: үй жануарларының атауларына сөйлеу дағдысын қалыптастыру, үй жануарлары адамдармен бірге өмір сүретіні туралы түсіндіру.	жабайы жануарлар (аю, кірпі, қоян, бұғы).

«Кемпір мен шалдың көңілдері құлазып, оларды іздеуге шығады. Кәне, оларға көмек берейік!» психолог балаға үй және жабайы жануарлардың суреттерін бір-бірінен ажыратуға тапсырма береді		
---	--	--

Дамыту ойын. . (2,5-3 жас)

Мақсаты:баланың жалпы қабылдауын дамыту,сөйлеу тілін дамыту,қарапайым сұрақтарға жауап беруге дағдыларн қалыптастыру.

Ойынның өтілу барысы:	Мақсаты:	Құрал
«Кім орманда тұрады?» баланың алдына суреттер қойылады және оның атауларын атауды ұсынды. «Бұл жабайы жануарлар.Олар орманда өмір сүреді.Мұнда ең үлкен жануар қайсы,көрсет.Кімнің инелері бар?»-дейді ересек.Кімнің мүйізі бар?кімнің құлағы ұзын?Егер бала жауап береуге қиналса,онда үлкендер баланың қызығушылығын ояту үшін көрсетіп,айтады.»	жабайы жануарлардың мағынасын білдіретін сөздерді бекіту,олардың сыртқы түрін сипаттайтын сөздермен таныстыру;олар орманда өмір сүретіні туралы түсіндіріп өту.	жабайы жануарлар (аю,кірпі,қоян,бұғы).

Дамыту ойын. . (2,5-3 жас)

Мақсаты: баланың жалпы қабылдауын дамыту, сөйлеу тілін дамыту, қарапайым сұрақтарға жауап беруге дағдыларн қалыптастыру.

Ойынның өтілу барысы:	Мақсаты:	Құрал:
«Қайсы артық?» Психолог бірінші жиынтықты баланың алдына қояды және кейіпкерлердің атауларын атауды ұсынады. Содан соң: «Бір жануар адасып кетті. Ол мұнда артық екен. Бұл кім, көрсет те ата.» Егер бала жауап беруге қиналса, психолог оған қожайынмен кім тұрады, орманда кім тұратыны туралы түсіндіреді.	Үй және жабайы жануарлардың және үй құстарының мағынасын білдіретін сөздерді пысықтау.	-1 жиынтық: үй жануарлары (мысық, ит, сиыр) және жабайы жануар (кірпі); -2 жиынтық: жабайы жануар (кірпі, аю, тиын) және үй жануары (жылқы); -3 жиынтық: үй құстары (тауық, қаз, күрек, тауық және жабайы жануар (бұғы)).

Дамыту ойын. . (2,5-3 жас)

Мақсаты:түсіне,пішініне,өлемшіне қарап,заттарды ажырата білу;сұраққа жауап беру дағдысын қалыптастыру.

Ойынның өтілу барысы:	Мақсаты:	Құрал:
«Кілемшелер» Ересек баланың алдына барлық 8 кілемшелерді қойып,былай деді: «Мәссаған,балалар,кілемшелерде тесіктер бар,соларды жөндеп көрейік.Әр кілемшелердің өзінің жамауларын тап.Егер бала жауап бере алмаса,ересек адам оған алдымен шеңберді табуға және «тесікті» жауып тастауға көмектеседі.Содан соң дәл кілемшенің түсіндей шеңберді табу керек.»	Түсіне қарай геометриялық пішіндерді табу және салыстыру;бір-бірімен байланыстыру.	-Әртүрлі геометриялық пішіндердің суреттерін қиылған кілемшелердің суреттері; -геометриялық пішіндер тәріздес «Жамаулар».

Дамыту ойын. . (2,5-3 жас)

Мақсаты: түсіне, пішініне, өлемшіне қарап, заттарды ажырата білу; сұраққа жауап беру дағдысын қалыптастыру.

Ойынның өтілуі:	Мақсаты	Құрал:
«Бұйрықтар» психолог мысықтардың суретін алып, балаға көрсетіп, былай деді: «Бізге қонаққа үлкен және кішкене мысық қонаққа келді. Кәне, көрсет қайсы үлкен, қайсы кішкентай». Содан соң келесі тапсырма береді: үлкен мысықты үлкен кесемен тамақтандыру, ал кішкентай-кішкене кесемен. Содан соң: «Үлкен мысықтың кесесінің түсі қандай, ал кішкентай мысықтың?»	негізгі рекшеліктерін (түсін, өлшемін) бөліп отырып, заттарды айтуға дағдыландыру.	-үлкен және кіші мысық; -үлкен көк түсті көлік және кішкене қызыл түсті көлік; -үлкен қызыл және кішкене көк доптар; -үлкен жасыл кесе және кішкене сары кесе.

Дамыту ойын. . (2,5-3 жас)

Мақсаты: түсіне, пішініне, өлемшіне қарап, заттарды ажырата білу; сұраққа жауап беру дағдысын қалыптастыру.

	Мақсаты	Құрал
«Қуыршақты қонақ қыл» психолог балаға қуыршақтың суретін көрсетіп: «Қуыршақтың қарны ашып қалыпты, кіәніки тамақтандырайық. Қуыршақ сары және төртбұрышты бірдеңе сұрап тұр». Бала пішінәйді тауып алу керек. Егер бала тек бір ерекшелік бойынша тапса (мысалы сары сыр), онда ересек оған қуыршақтың келіспейтінін айтады. Содан кейін балаға сондай түстес үлгіні табуға көмектеседі. Суреттің әрқайсысымен сондай ұқсас жұмыстар жүргізіледі.	екі ерекшелікке (пішіні мен түсіне) қарап, заттарды табуға үйрету.	қуыршақ; -сыр (сары, сопақша); -қызанақ (қызыл, дөңгелек); -лимон (сары, сопақша); -алма (жасыл, дөңгелек); -қияр (жасыл, сопақша); -пішінәй (сары, төртбұрышты); -кәмпит (көк, үшбұрышты); -геометриялық пішіндердің үлгілері (шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш, сопақша); -негізгі 4 түстің үлгілері (қызыл, сары, жасыл, көк):.

Дамыут ойын. . (2,5-3 жас)

Мақсаты:заттар мен олардың қажеттіліктерін байланыстыра білу,топтастыру (ойыншықтар,киім-кешек,ыдыс-аяқ).

Ойынның өтілу барысы:	Мақсаты:	Құрал:
«Нені қайда қоямыз?» Баланың алдына рет-ретімен суреттер қойылады.Психолог«Барлық заттар араласып кетті,рет-ретімен қою керек.Киімдерді шкапка жинап қояйық.Бұл пәльте.Пәльтені біз киеміз.Бұл киім.Киімді бірінші шкапка саламыз.Бұл тәрелке.Тәрелкеден біз тамақтанамыз.Бұл ыдыс-аяқ.Ыдыс-аяқты басқа шкапка қоямыз».Әрі қарай бала өз бетінше суреттерді орналастырады,қажет болған жағдайда ересек оған көмек береді	Жалпы ерекшелігіне қарап,заттарды топтастыра білу.Ол топқа жатпайтын затты ажыратуға үйрету.	-3 сөресі бар 2 шкап; -ыдыс-аяқ:тәрелке,кесе,табақ,қасық,шанышқы,стақан; -киім-кешек:күртеше,шалбар,көйлек,пәльте,жеде,юбка;

Мақсаты:заттар мен олардың қажеттіліктерін байланыстыра білу,топтастыру (ойыншықтар,киім-кешек,ыдыс-аяқ).

Ойынның өтілу барысы:	Мақсаты:	Құрал:
«Қуыршаққа бөлме дайындайық» Катя есімді қуыршақ жаңа бөлмеге көшті.Кәне,оған жиғаз таңдайық. Катяның бөлмесіне не қоямыз?» Катяға шкап (керует,орындық,үстел) не үшін керек? Катя қайда ұйықтайды? Катя қайда отырады? Киімін қайда қояды? Катяның бөлмесінде қандай жиғаз бар?Атап өт»-деді ересек.	Жиғаздардың атауларын айыру және атау,олардың еркшеліктері туралы баяндау. «Жату», «отыру» етістіктерін баланың сөйлеу тіліне қолданылуды үйрету.	-көп бұрышты ақ беттің ортасында қуыршақ; -жиғаз (үстел,орындық,керует,шкап).

8 тапсырмаға арналған ойындар.

Ойынның өтілу барысы:	Мақсаты	Құрал:
«Артық затты тап» психолог баланың алдына бірінші жиынтық суреттерін қояды және әрқайсысын атауға тапсырма береді. Егер бала жауап беруге қиналса, онда тапсырманы өзі орындап, қайталауға тапсырма береді. Содан кейін заттың әрқайсысы қай топқа жататыны туралы баяндайды. Одан кейін: «Артық затты алып таста»-деп тапсырма береді.	заттарға (ыдыс-аяқ, жиғаз, киім-кешек) қатысты сөздік қорын пысықтау. Аталған заттарға қатысты емес заттарды табуға үйрету.	-1 жиынтық: ыдыс-аяқ (кесе, тәрелке, кастрюль) және жиғаз(үстел); -2 жиынтық: жиғаз(үстел, керует, диван) және ыдыс-аяқ (стақан); -3 жиынтық: киім (көйлек, шалбар) және жиғаз(шкап).

«»

**2019-2020 оқу жылына арналған
психолог жұмысының
түзету-дамыту қызметі
(3,4,5-жас)**